


ЖАТАҚХАНАДАН ОРЫН БЕРУ МОДЕЛІ



1. Талапкер / студент Қабылдау комиссиясына өтініш береді
2. Қабылдау комиссиясы талапкерлерден түскен құжаттарын «Шапағат» СЦҚКО-қа тапсырады
3. «Шапағат» СЦҚКО қабылданған құжаттарды № 1, № 2 қосымшаларға сәйкес тексереді және Комиссияның қарауы үшін жатақханадан орын алуға үміткерлердің тізімін жасақтайды.
4. ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 66 бұйрығы негізінде университет жанынан жатақханалардан орын бөлу жөніндегі Комиссия құрылады. Комиссия «Шапағат» СЦҚКО ұсынған жатақханаға кезекте тұрғандардың тізімін тексереді.
5. Тәрбие жұмысы және әлеуметтік даму жөніндегі Проректор жатақханадан орын алуға үміткерлердің тізімін бекітеді
6. Жатақханадан орын алуға үміткерлер қатарындағы талапкер/студент директоратта жатақхана және бөлме нөмірі белгіленген Ордер алады
7. Ордерді алғаннан кейін талапкер/ студент медициналық тексеруден өтіп, жатақхана төлемақысын төлейді
8. Жатақханаға орналасу кезінде талапкер / студент жатақхана меңгерушісіне жеке куәлігін, медициналық тексеруден өткендігі туралы мөрі басылған Ордер мен жатақхана төлемақысын төлегендігін растайтын түбіртеккі ұсынады

Ескертпе:

1. Жатақханалардағы орындар №1 қосымшаға сәйкес ең алдымен тұруға басым құқығы бар бірінші курс студенттеріне беріледі.
2. Әлеуметтік осал санаттағы жоғары курс студенттері (толық жетім, мүмкіндігі шектеулі студенттер) "Универ" жүйесі арқылы Е-Қызметтер қосымшасына сұраныс беріп, оған қоса жатақханаға орналасуға басым құқығын растайтын құжаттар көшірмесін тіркейді.